

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Қару (Арсенал) - 1" және "Қару (Арсенал) - 2" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 қарашадағы N 1502

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 шілдедегі N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Оңтүстік Қазақстан және Солтүстік Қазақстан әскери және арнаулы жабдықтау базаларының негізінде шаруашылық жүргізу құқығымен, тиісінше "Қару (Арсенал) - 1" және "Қару (Арсенал) - 2" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі - мемлекеттік кәсіпорындар) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып айқындалсын.

Уәкілетті орган бір ай мерзімде мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітіп, оларды белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізсін және жарғылық қорларын қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:  
нысанды киім-кешек пен заттай мүліктерді, ұйымдастыру техникаларын, байланыс және ақпаратты есепке алу құралдарын; арнаулы және жалпы мақсаттардағы автомобиль, авиация және су көліктері құралдарын; өндірістік құрал-жабдықтарды және халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ қосалқы бөлшектерді, жинақтаушы бұйымдарды, жанар-жағар материалдары мен отынды сақтау және сату;  
нысанды киім-кешек пен айырым белгілері заттарын; арнаулы құралдар мен оларды жинақтаушыларды; мотор және трансмиссиялық майларды өндіру, өңдеу, сақтау және сату.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне кәсіпорындар тіркелгеннен кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін толықтыру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК